

"Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік қызметтерді көрсетудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-336/2020 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2026 жылғы 10 маусымдағы № 66 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 10 маусымда № 38932 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік қызметтерді көрсетудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-336/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22004 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 9-бабының 26), 40-2) және 40-4) тармақшаларына, 19-бабының 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларына және 20, 21 және 22-баптарына, "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:";

көрсетілген бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес бекітілген Санитариялық-эпидемиологиялық қорытындыларды беру бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсету қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Санитариялық-эпидемиологиялық қорытындыларды беру бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 19-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына және 20-бабына, "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және эпидемиялық мәні жоғары объектінің және қоршаған ортаға зиянды заттар мен физикалық факторлардың жол берілетін шекті шығарындылары мен жол берілетін шекті төгінділері, санитариялық қорғау аймақтары

мен санитариялық-қорғаныш аймақтары бойынша нормативтік құжаттама жобаларының, шикізат пен өнімнің жаңа түрлерінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беру, қолданылуын қайта бастау, қайта ресімдеу, тоқтату бойынша тәртібін айқындайды.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Эпидемиялық мәні жоғары объектінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – объектінің мемлекеттік көрсетілетін қызмет) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті және оның аумақтық бөлімшелері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) тиісті аумақтағы объектінің орналасқан жері бойынша "цифрлық үкімет" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы көрсетеді.";

6-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаттың деректері туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу), дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден алады.";

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар және мәліметтердің толық топтамасын ұсынған кезде көрсетілетін қызметті берушінің жауапты құрылымдық бөлімшесінің қызметкері 7 (жеті) жұмыс күні ішінде, көрсетілетін қызметті алушы объектіге кіруге рұқсат берген кезде "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 51-бабында көзделген тәртіппен объектіге бару арқылы мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық нормалау жүйесі құжаттарының талаптарына сәйкестігіне рұқсат беру бақылауын жүргізеді. Рұқсат беру бақылауының нәтижелеріне байланысты осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша объектіні санитариялық-эпидемиологиялық тексеріп-қарау актісі (рұқсат беру бақылауының қорытындысы) ресімделеді.";

12 және 13-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Цифрлық жүйе істен шыққан кезде көрсетілетін қызметті беруші 1 (бір) жұмыс күні ішінде "цифрлық үкімет" цифрлық инфрақұрылымы операторын хабардар етеді.

Көрсетілетін қызметті беруші "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету сатысы туралы деректер енгізу қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8555 болып тіркелген) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2013 жылғы 14 маусымдағы № 452 бұйрығына (бұдан әрі – № 452 бұйрық) сәйкес

мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді енгізуді қамтамасыз етеді.

Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге енгізілген өзгерістер және/немесе толықтырулар туралы ақпаратты өтініштерді қабылдауды және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беруді жүзеге асыратын ұйымдарға, сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығына жібереді.

13. "Қоршаған ортаға зиянды заттар мен физикалық факторлардың жол берілетін шекті шығарындылары мен жол берілетін шекті төгінділері, санитариялық қорғау аймақтары мен санитариялық-қорғаныш аймақтары бойынша нормативтік құжаттама жобаларының, шикізат пен өнімнің жаңа түрлерінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – жобаларға мемлекеттік көрсетілетін қызмет) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті және оның аумақтық бөлімшелері тиісті аумақтағы объектінің орналасқан жері бойынша (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) "цифрлық үкімет" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы көрсетеді.";

16-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаттың деректері туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу), дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы алады.";

22-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"22. Цифрлық жүйе істен шыққан кезде көрсетілетін қызметті беруші 1 (бір) жұмыс күні ішінде "цифрлық үкімет" цифрлық инфрақұрылымының операторын хабардар етеді.

Көрсетілетін қызметті беруші Заңның № 452 бұйрыққа сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді енгізуді қамтамасыз етеді.

Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге енгізілген өзгерістер және/немесе толықтырулар туралы ақпаратты өтініштерді қабылдауды және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беруді жүзеге асыратын ұйымдарға, сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығына жібереді.";

38-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"38. Объектілерге берілген санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының қолданылуын тоқтату үшін мыналар негіз болып табылады:

1) объектілерге берілген санитариялық-эпидемиологиялық қорытындыдан айыру;
2) рұқсат беру тәртібінің күшін жою;
3) заңды тұлғаның немесе дара кәсіпкер ретіндегі жеке тұлғаның қызметін тоқтату, тарату;

4) көрсетілетін қызметті алушының объектілерге берілген санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының қолданылуын тоқтату туралы ерікті өтініші;

5) объектілерге жаңа санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды алу;

6) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де жағдайлар.

Объектілерге берілген санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының қолданылуы тоқтатылған сәттен бастап көрсетілетін қызметті алушы объектілерге жүзеге асыруға санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды берілген қызметті немесе әрекеттерді жүзеге асыра алмайды.";

көрсетілген Қағидаларға 1, 2, 5, 6, 7 және 8-қосымшалар осы бұйрыққа 1, 2, 3, 4, 5 және 6-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес бекітілген Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауға жататын тамақ өнімін өндіру объектілеріне есепке алу нөмірлерін беру және олардың тізілімін жүргізу қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауға жататын тамақ өнімін өндіру объектілеріне есепке алу нөмірлерін беру және олардың тізілімін жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 9-бабының 26) тармақшасына, "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауға жататын тамақ өнімін өндіру объектісіне есепке алу нөмірлерді беру және олардың тізілімін жүргізу тәртібін (бұдан әрі – тізілім) айқындайды.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. "Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауға жататын тамақ өнімін өндіру объектісіне есепке алу нөмірін беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің аумақтық бөлімшелері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) тиісті аумақтағы объектінің орналасқан жері бойынша "цифрлық үкімет" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы көрсетеді.";

10-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаттың деректері туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу), дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден алады.";

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Көрсетілетін қызметті берушінің цифрлық жүйесі істен шыққан кезде 1 (бір) жұмыс күні ішінде "цифрлық үкімет" цифрлық инфрақұрылымының операторын хабардар етеді.

Көрсетілетін қызметті беруші "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету сатысы туралы деректер енгізу қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8555 болып тіркелген) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2013 жылғы 14 маусымдағы № 452 бұйрығына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді енгізуді қамтамасыз етеді.

Ведомство мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге енгізілген өзгерістер және/немесе толықтырулар туралы ақпаратты өтініштерді қабылдауды және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беруді жүзеге асыратын ұйымдарға, сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығына жібереді.";

көрсетілген Қағидаларға 2 және 3-қосымшалар осы бұйрыққа 7 және 8-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың нормативтік құқықтық актілерінде айқындалатын өнімді мемлекеттік тіркеу қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Еуразиялық экономикалық одақтың нормативтік құқықтық актілерінде айқындалатын өнімді мемлекеттік тіркеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінің 22-бабының 1-тармағына және "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және Еуразиялық экономикалық одақтың нормативтік құқықтық актілерінде айқындалатын өнімді мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті беру және оның қолданылуын қайта бастау, қайта ресімдеу, қолданылуын тоқтату тәртібін айқындайды.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. "Өнімді мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) "цифрлық үкімет" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы көрсетеді.";

20-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"20. Цифрлық жүйе істен шыққан жағдайда көрсетілетін қызметті беруші 1 (бір) жұмыс күні ішінде "цифрлық үкімет" цифрлық инфрақұрылымының операторын хабардар етеді.

Көрсетілетін қызметті беруші "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету сатысы туралы деректер енгізу қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8555 болып тіркелген) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2013 жылғы 14 маусымдағы № 452 бұйрығына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді енгізуді қамтамасыз етеді.

Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге енгізілген өзгерістер және/немесе толықтырулар туралы ақпаратты өтініштерді қабылдауды және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беруді жүзеге асыратын ұйымдарға, сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығына жібереді.";

көрсетілген Қағидаларға 1 және 3-қосымшалар осы бұйрыққа 9 және 10-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес бекітілген Патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуге рұқсаттарды және оларға қосымшаларды беру, олардың қолданылуын қайта бастау, қайта ресімдеу, тоқтату қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуге рұқсаттарды және оларға қосымшаларды беру, олардың қолданылуын қайта бастау, қайта ресімдеу, тоқтату қағидалары (бұдан әрі – қағидалар) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 9-бабының 40-4) тармақшасына және 21-бабына және "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуге рұқсаттарды және оларға қосымшаларды беру, олардың қолданылуын қайта бастау, қайта ресімдеу, тоқтату тәртібін айқындайды.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. "Патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуге рұқсатты және оған қосымшаны беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметті (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің аумақтық департаменттері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) "цифрлық үкімет" www.egov.kz, www.elicense.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы көрсетеді.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден "цифрлық үкімет" шлюзі (бұдан әрі – ЦҮШ) арқылы және цифрлық құжаттар сервисінен көрсетілетін қызметті алушы патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуді жүзеге асыру жоспарланып отырған эпидемиялық мәні жоғары объектіге (ЦҮШ болған жағдайда) санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының болуы туралы мәліметтерді алады.";

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Көрсетілетін қызметті берушінің цифрлық жүйесі істен шыққан кезде 1 (бір) жұмыс күні ішінде "цифрлық үкімет" цифрлық инфрақұрылымының операторын хабардар етеді.

Көрсетілетін қызметті беруші "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету сатысы туралы деректер енгізу қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8555 болып тіркелген) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2013 жылғы 14 маусымдағы № 452 бұйрығына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді енгізуді қамтамасыз етеді.";

көрсетілген Қағидаларға 1, 2, 5 және 6-қосымшалар осы бұйрыққа 11, 12, 13 және 14-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрыққа 4-1-қосымшаға сәйкес бекітілген "Денсаулық сақтау саласында дезинфекциялау, дезинсекциялау, дератизациялау бойынша қызметтер көрсетуге лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы "Денсаулық сақтау саласында дезинфекциялау, дезинсекциялау, дератизациялау бойынша қызметтер көрсетуге лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 9-бабының 40-2) тармақшасына, 17-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына және "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және "Денсаулық сақтау саласында дезинфекциялау, дезинсекциялау,

дератизациялау бойынша қызметтер көрсетуге лицензия беру" мемлекеттік қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) көрсету тәртібін айқындайды.";

2-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) "Цифрлық үкімет" веб-порталы – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, мемлекеттік қызметтер көрсетуге қатысатын мемлекеттік органдар мен өзге де субъектілер орналастыратын шоғырландырылған ақпаратқа, сондай-ақ электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік және өзге де көрсетілетін қызметтерге қол жеткізудің "бірыңғай терезесін" білдіретін цифрлық объект.";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Денсаулық сақтау саласында дезинфекциялау, дезинсекциялау, дератизациялау бойынша қызметтер көрсетуге лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) көрсетілетін қызметті беруші "цифрлық үкімет" www.egov.kz, www.elicense.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы көрсетеді.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Көрсетілетін қызметті беруші "Денсаулық сақтау саласындағы дезинфекциялау, дезинсекциялау, дератизациялау жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған лицензияланатын қызмет түріне қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2022 жылғы 23 қыркүйектегі № ҚР ДСМ-101 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29825 болып тіркелген) тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерде көрсетілетін қызметті алушының біліктілік талаптарына (бұдан әрі – біліктілік талаптары) сәйкестігі туралы мәліметтерді "цифрлық үкімет" шлюзі (бұдан әрі – ЦҮШ) арқылы және цифрлық құжаттар сервисінен олар бар болған кезде алады.";

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Көрсетілетін қызметті беруші "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету сатысы туралы деректер енгізу қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8555 болып тіркелген) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2013 жылғы 14 маусымдағы № 452 бұйрығына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді енгізуді қамтамасыз етеді.";

көрсетілген Қағидаларға 1-қосымша осы бұйрыққа 15-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрықтың алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілетін 1-тармағының екінші, үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы, он бірінші, он екінші, он алтыншы, жиырма үшінші, жиырма төртінші, жиырма бесінші, жиырма алтыншы, жиырма жетінші, жиырма сегізінші, жиырма тоғызыншы, отызыншы, отыз бірінші, отыз екінші, отыз бесінші, отыз алтыншы, қырық төртінші, қырық жетінші, қырық сегізінші, елу төртінші, елу жетінші, елу сегізінші, алпыс сегізінші және алпыс тоғызыншы абзацтарын және осы бұйрыққа 6-қосымшаны қоспағанда, осы бұйрық 2026 жылғы 12 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрі*

А. Альназарова

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Жасанды интеллект және цифрлық даму
министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау
министрі
2026 жылғы 10 маусымдағы
№ 66
Бұйрыққа 1-қосымша
Санитариялық-
эпидемиологиялық
қорытындыларды беру бойынша
мемлекеттік қызметтерді
көрсету қағидаларына
1-қосымша

"Эпидемиялық мәні жоғары объектінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігі туралы

санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметінің негізгі талаптарының тізбесі

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы: "Эпидемиялық мәні жоғары объектінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беру". Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрлерінің атауы: - санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының қолданылуын қайта бастау; - санитариялық-эпидемиологиялық қорытындыны қайта ресімдеу; - санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының қолданылуын тоқтату; - санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының телнұсқасын беру.		
1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің аумақтық бөлімшелері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші)
2	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) беру тәсілдері	"цифрлық үкімет": www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы
3	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету мерзімі	13 (он үш) жұмыс күні
4	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің және оның кіші түрлерін (бар болса) нысаны	электрондық (ішінара цифрландырылған)
5	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нәтижесі	Санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап
6	Мемлекеттік қызмет және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Мемлекеттік қызмет және оның кіші түрлері (бар болса) тегін көрсетіледі
7	Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі	Жұмыс кестесі: 1) көрсетілетін қызметті берушіде: Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін. 2) порталда: (жөндеу жұмыстарын жүргізумен байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда) тәулік бойы. Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және

		мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және қызмет көрсету нәтижелерін беру Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес келесі жұмыс күні жүзеге асырылады
8	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі	- осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш; - жолаушыларды тасымалдауды жүзеге асыратын көлік құралдарын қоспағанда, осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды алуға қажетті зертханалық-аспаптық зерттеулерге (сынақтарға) сәйкес тәуелсіз аккредиттелген зертханалар жүргізген зерттеулер (сынақтар) хаттамаларының электрондық көшірмесі*. - жылжымайтын мүлік объектісінің кадастрлық паспорты (2023 жылдың 1 шілдесіне дейін объектінің техникалық паспорты). *зертханалық зерттеулерді қызмет алушы тарапынан аккредиттелген тәуелсіз зертханаларды тарта отырып бару арқылы объектіні (жолаушыларды тасымалдауды жүзеге асыратын көлік құралдарын) мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық нормалау жүйесі құжаттарының талаптарына сәйкестігіне тексеру барысында жүргізеді
		1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау; 2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің,

9	Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсетуден бас тарту үшін негіздер	деректердің және мәліметтердің осы Қағидада белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі; 3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы; 4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген үкімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнаулы құқығынан айырылуы бойынша; 5) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 4-тармағына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмауы.
10	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету ерекшеліктерін, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызметтердің ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де талаптар	1) Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары gov.egov.kz интернет-ресурсында орналастырылған. 2) Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған жағдайда портал арқылы электрондық нысанда мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу мүмкіндігі бар. 3) Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету мәртебесі туралы ақпаратты порталдың "жеке кабинеті" арқылы, сондай-ақ мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар. 4) Мемлекеттік қызметті портал арқылы көрсету кезінде нашар көретін адамдар үшін нұсқасына қолжетімді. 5) Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері жөніндегі анықтама

		қызметтерінің байланыс телефондары gov.egov.kz интернет-ресурсында көрсетілген. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 7777
--	--	---

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау
министрі
2026 жылғы 10 маусымдағы № 66
Бұйрыққа 2-қосымша
Санитариялық-
эпидемиологиялық
қорытындыларды
беру бойынша
мемлекеттік қызметтерді
көрсету қағидаларына
2-қосымша
Нысан
мемлекеттік органның атауы
басшының тегі, аты, әкесінің
аты (бар болса)
өтініш иесінің тегі, аты,
әкесінің аты (бар болса)
жеке сәйкестендіру нөмірі/
бизнес сәйкестендіру нөмірі
өтініш иесінің мекенжайы
өтініш иесінің байланыс
телефоны

Өтініш

Сізден _____
(аудан, көше, үй, пәтер)

_____ бойынша орналасқан

_____ объектінің нысаналы мақсаты

_____ тексеруді және санитариялық-
эпидемиологиялық қорытынды беруді сұраймын.

Цифрлық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім беремін.

қолы, күні, айы, жылы
Қосымша (құжаттардың көшірмелері): 1.2.

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау
министрі
2026 жылғы 10 маусымдағы
№ 66
Бұйрыққа 3-қосымша
Санитариялық-
эпидемиологиялық
қорытындыларды беру бойынша
мемлекеттік қызметтерді
көрсету қағидаларына
5-қосымша

"Қоршаған ортаға зиянды заттар мен физикалық факторлардың жол берілетін шекті шығарындылары мен жол берілетін шекті төгінділері, санитариялық қорғау аймақтары мен санитариялық-қорғаныш аймақтары бойынша нормативтік құжаттама жобаларының, шикізат пен өнімнің жаңа түрлерінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметіне негізгі талаптардың тізбесі

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы:

"Қоршаған ортаға зиянды заттар мен физикалық факторлардың жол берілетін шекті шығарындылары мен жол берілетін шекті төгінділері, санитариялық қорғау аймақтары мен санитариялық-қорғаныш аймақтары бойынша нормативтік құжаттама жобаларының, шикізат пен өнімнің жаңа түрлерінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беру".

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрлерінің атауы:

- қоршаған ортаға зиянды заттар мен физикалық факторлардың шекті жол берілетін шығарындылары мен шекті жол берілетін төгінділерінің нормативтік құжаттамасының жобаларына санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды алу;
- санитариялық қорғау аймағының, санитариялық-қорғаныш аймақтарының нормативтік құжаттамасының жобаларына санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды алу;
- шикізат пен өнімге нормативтік құжаттама жобаларына санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды алу;
- топыраққа, су қоймаларына және атмосфералық ауаға химиялық, биологиялық, токсикологиялық, радиологиялық жүктеме бойынша материалдарға нормативтік құжаттама жобаларына санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды алу;
- санитариялық-эпидемиологиялық қорытындыны қайта ресімдеу;
- санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының телнұсқасын беру

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің аумақтық бөлімшелері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші)

2	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) беру тәсілдері	"цифрлық үкімет": www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы
3	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету мерзімі	10 (он) жұмыс күні
4	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нысаны	электрондық (ішінара цифрландырылған)
5	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нәтижесі	санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап
6	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Мемлекеттік қызмет және оның кіші түрлері тегін көрсетіледі
7	Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі	Жұмыс кестесі: 1) көрсетілетін қызметті беруші: Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін. 2) порталда: тәулік бойы (жөндеу жұмыстарын жүргізумен байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда). Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және қызмет көрсету нәтижелерін беру Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес келесі жұмыс күні жүзеге асырылады
		1) қоршаған ортаға шекті жол берілетін шығарындылардың, зиянды заттардың, физикалық факторлардың шекті жол берілетін төгінділерінің нормативтік құжаттамасының жобаларына санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды алу үшін:

Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі

- осы Қағидалардың 6-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;

- қоршаған ортаға зиянды заттардың, физикалық факторлардың шекті жол берілетін шығарындылары, шекті жол берілетін төгінділері бойынша нормативтік құжаттама жобасының электрондық көшірмесі;

2) санитариялық қорғау аймағының, санитариялық-қорғау аймақтарының нормативтік құжаттамасының жобаларына санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды алу үшін:

- осы Қағидалардың 6-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;

- санитариялық күзет аймағының, санитариялық-қорғау аймақтарының нормативтік құжаттамасы жобасының электрондық көшірмесі (есептік (алдын ала), белгілеу үшін);

- (белгіленген (түпкілікті) үшін) шынайы зерттеулер мен өлшемдердің жылдық циклінің хаттамасы;

3) шикізат пен өнімге нормативтік құжаттама жобаларына санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды алу үшін:

- осы Қағидалардың 6-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;

жаңа шикізат пен өнімге арналған нормативтік құжаттама жобасының электрондық көшірмесі;

4) топыраққа, су айдындарына және атмосфералық ауаға химиялық, биологиялық, токсикологиялық, радиологиялық жүктеме бойынша материалдарға нормативтік құжаттама

		ж о б а л а р ы н а санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды алу үшін: - осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен расталған электрондық құжат нысанындағы өтініш; - топыраққа, су айдындарына және атмосфералық ауаға химиялық, биологиялық, токсикологиялық, радиологиялық жүктеме материалдары бойынша нормативтік құжаттама жобасының (есебінің) электрондық көшірмесі
9	Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсетуден бас тарту үшін негіздер	1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау; 2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі; 3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы; 4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген үкімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнаулы құқығынан айырылуы бойынша; 5) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 4-тармағына сәйкес

		берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмауы
10	Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету ерекшеліктерін, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызметтердің ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де талаптар	1) Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары gov.egov.kz интернет-ресурсында орналастырылған. 2) Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған жағдайда портал арқылы электрондық нысанда мемлекеттік қызметті алуға мүмкіндігі бар. 3) Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету мәртебесі туралы ақпаратты порталдың "жеке кабинеті" арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде, сондай-ақ мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар. 4) Мемлекеттік қызметті портал арқылы көрсету кезінде нашар көретін адамдар үшін нұсқасына қолжетімді. 5) Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары gov.egov.kz интернет-ресурсында көрсетілген. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 7777

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау
министрі
2026 жылғы 10 маусымдағы
№ 66
Бұйрыққа
4-қосымша
Санитариялық-
эпидемиологиялық
қорытындыларды беру бойынша
мемлекеттік қызметтерді
көрсету қағидаларына
6-қосымша
Нысан

мемлекеттік органның атауы

басшысының тегі, аты, әкесінің аты
(бар болса)

өтініш иесінің тегі, аты, әкесінің аты
(бар болса)

жеке сәйкестендіру нөмірі/
бизнес сәйкестендіру нөмірі

өтініш иесінің мекенжайы

өтініш иесінің байланыс телефоны

Өтініш

Сізден _____

(жобаның атауы)

жобалық құжаттамаға санитариялық-эпидемиологиялық сараптама жүргізуді және санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беруді сұраймын.

Цифрлық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім беремін.

Қосымша (құжаттардың көшірмелері): 1.2. Қолы, күні, айы, жылы

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау
министрі
2026 жылғы 10 маусымдағы
№ 66
Бұйрыққа 5-қосымша
Санитариялық-
эпидемиологиялық
қорытындыларды беру бойынша
мемлекеттік қызметтерді
көрсету қағидаларына
7-қосымша
Нысан
мемлекеттік органның атауы

басшысының тегі, аты,
әкесінің аты (бар болса)

өтініш иесінің тегі, аты,
әкесінің аты (бар болса)

бизнес сәйкестендіру нөмірі

өтініш иесінің мекенжайы

өтініш иесінің байланыс
телефоны

Өтініш

Сізден _____ санитариялық-эпидемиологиялық қорытындыны қайта рәсімдеу, қолданылуын тоқтатуды сұраймын (қажетінің астын сызу керек)

(санитариялық-эпидемиологиялық қорытындыны берген органның атауы, берілген нөмірі, күні)

берілген объектінің атауы, орналасқан мекенжайы: аудан, көше, үй, пәтер, жобаның атауы (қажетінің астын сызу)

Мынадай негізде (негіздерде)*:

- 1) құжаттағы қателерді (қателерді) анықтау _____;
- 2) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 45-бабында көрсетілген жағдайларда заңды тұлғаны қайта ұйымдастыру _____;
- 3) объектінің орналасқан жерінің мекенжайын физикалық ауыстырмай өзгерту _____;
- 4) көрсетілетін қызметті алушының заңды тұлғаның немесе жеке кәсіпкердің атауын өзгерту _____;
- 5) объектінің нысаналы мақсатын, жүзеге асырылатын қызмет түрін, технологиялық процессін, қуаттылығын өзгертпей және объектіге құрылымдық өзгерістер енгізілмеген, басқа тұлға қолданыстағы объектіге меншік құқығын алған жағдайда _____.

Осы өтініш арқылы:

- 1) барлық көрсетілген деректер ресми байланыс болып табылатынын және оларға рұқсат құжатын беру және бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпарат жіберілуі мүмкін екендігі;
- 2) қызметтің осы түрімен айналысуға өтініш беруге сот сұрау салмағанын;
- 3) барлық қоса берілген құжаттар шындыққа сәйкес келетінін және дұрыс болып табылатынын;

4) өтініш беруші рұқсат құжатын алу кезінде цифрлық жүйелердегі "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 4-тармағына сәйкес қорғалатын құпияларды құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісім беремін.

Қолы, күні, айы, жылы

Қосымша (құжаттардың көшірмелері)

* Санитариялық-эпидемиологиялық қорытындыны қайта ресімдеген жағдайда толтырылады.

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау
министрі
2026 жылғы 10 маусымдағы
№ 66
Бұйрыққа 6-қосымша
Санитариялық-
эпидемиологиялық
қорытындыларды беру
бойынша мемлекеттік
қызметтерді көрсету
қағидаларына
8-қосымша

Санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды алу үшін қажетті зертханалық-аспаптық зерттеулер (сынақтар)

Зерттеулер (сынақтар) түрлері	Өлшеулер немесе сынама алу орны
1. Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту объектілері:	
Микроклиматты зерттеу: температура, салыстырмалы ылғалдылық	Барлық топтардың киініп-шешінетін орны, ойын бөлмесі, жатын бөлмелері, музыка (спорт) кабинеттері, медициналық үй-жайлар, изолятор, бассейндер (бар болса)
Суды зерттеу:	
1) орталықтандырылған сумен жабдықтау кезінде су құбыры жүйесінен алынатын су (бактериологиялық және санитариялық-химиялық зерттеулер)	ғимараттағы су тарату крандары, ас блогы (бөлек блокта орналасқан кезде)
2) орталықтандырылмаған сумен жабдықтау кезінде жергілікті сумен жабдықтау көздерінен алынатын ауыз су (бактериологиялық, санитариялық-химиялық зерттеулер)	құдықтар, ұңғымалар, каптаждар, бұлақтар, су тарату крандары
3) бар болған жағдайда жабық жүзу бассейндерінен және ванналардан алынатын су (бактериологиялық, санитариялық-химиялық, паразитологиялық зерттеулер)	екі жерде – бассейн ваннасының таяз және терең бөліктерінде су айдыны бетінен 25-30 сантиметр (бұдан әрі – см) тереңдікте, сүзгіден кейінгі су
4) әкелінетін сумен жабдықтау кезінде ауыз су	Суды сақтауға арналған ыдыстар

Электромагниттік өрістің, электростатикалық өрістің кернеулігі	компьютерлік және мультимедиялық сыныптар (кабинеттер) (бар болса)
Жасанды жарықтандыру деңгейі	Ойын үй-жайлары, оқу кабинеттері, музыка, спорт залы, медициналық үй-жайлар
2. Білім беру және тәрбиелеу объектілері, білім беру объектілерінің жатақханалары, арнайы, түзету кабинеттері (орталықтары), балалар мен жасөспірімдерге арналған оңалту орталықтары:	
Микроклиматты зерттеу: температура, салыстырмалы ылғалдылық	Қабылдау бөлмелері, жатын бөлмелер, оқу үй-жайлары, шеберханалар, спорт және музыка залдары, медициналық кабинеттер, демалуға және ұйықтауға арналған үй-жайлар, компьютерлік сыныптар
Суды зерттеу:	
1) орталықтандырылған сумен жабдықтау кезінде су құбырлары жүйесінен алынатын су (бактериологиялық және санитариялық-химиялық зерттеулер)	ғимараттағы су тарату крандары, ас блогы (бөлек блокта орналасқан кезде)
2) орталықтандырылмаған сумен жабдықтау кезінде жергілікті сумен жабдықтау көздерінен алынатын ауыз су (бактериологиялық, санитариялық-химиялық зерттеулер)	құдықтар, ұңғымалар, каптаждар, бұлақтар, су тарату крандары
3) бактериологиялық, санитариялық-химиялық, паразитологиялық зерттеулерге су	жабық жүзу бассейндері және ванналар (бар болса)
4) әкелінетін сумен жабдықтау кезінде ауыз су	Суды сақтауға арналған ыдыстар
Физикалық факторларды зерттеу:	
1) электромагниттік және электростатикалық өрістердің кернеулігі, шу	компьютерлік және мультимедиялық сыныптар (кабинеттер) (бар болса)
2) жасанды жарықтандыру деңгейі	оқу үй-жайлары, зертханалар, шеберханалар, өзін-өзі дайындау бөлмелері, оқу залы, медициналық кабинет
3. Сауықтыру және санаторий объектілері, базалары, демалыс орындары, медициналық-әлеуметтік оңалту объектілері:	
Бактериологиялық, санитариялық-химиялық көрсеткіштерге жергілікті сумен жабдықтау көздерінен (орталықтандырылған, құдықтар, ұңғымалар, каптаждар), әкелінетін сумен жабдықтау кезінде суды сақтауға арналған ыдыстардан алынған ауыз су	ас блоктары
Бактериологиялық, санитариялық-химиялық, вирусологиялық, паразитологиялық зерттеулерге су	Жабық, ашық жүзу бассейндері, ванналар, жағажайлар (бар болса)
Паразитологиялық, бактериологиялық көрсеткіштер (жылдың жылы мезгілінде)	топырақ, құм (құм, жағажай бар болса)
Микроклиматты зерттеу: температура (жылыту кезеңінде), салыстырмалы ылғалдылық	Жатын бөлмелер, оқу үй-жайлары, кітапхана, мәдени-бұқаралық іс-шаралар мен демалуға арналған үй-жайлар, компьютерлік сыныптар, қызметтік-тұрмыстық, кір жуатын жерлер (кір жуу орны), тамақтану залы, буфет, физиотерапиялық кабинет, уқалау кабинеті, медициналық үй-жай, спортзал, секциялық сабақтар өткізуге арналған бөлме, рекреация, вестибюль, гардероб, асүй, спорт

	залының киім ауыстыратын бөлмесі, бассейн ваннасы бар үй-жайлар, себезгі (бар болса)
Жасанды жарықтандыру деңгейі	Оқу, ойын бөлмелері мен үйірме бөлмелері, жатын бөлмелер, дене шынықтыруға арналған зал және бассейн, рекреация
Микробиологиялық, физикалық-химиялық, токсикологиялық, радиологиялық көрсеткіштер	Емдік балшық (бар болса)
4. Балалардың сүт асүйлері:	
Суды бактериологиялық, санитариялық-химиялық көрсеткіштерге зерттеу	ғимараттағы су тарату крандары (орталықтандырылған сумен жабдықтау кезінде); құдықтар, ұңғымалар, каптаждар және бұлақтар, су тарату крандары (орталықтандырылмаған сумен жабдықтау кезінде), әкелінетін сумен жабдықтау кезінде суды сақтауға арналған ыдыстар
Микроклиматты зерттеу: температура, салыстырмалы ылғалдылық	өндірістік үй-жайлар, қойма үй-жайлары
5. Қоғамдық тамақтану объектілері, борттық тамақтану объектілері, көліктегі (теміржол, әуе, су және автомобиль) қоғамдық тамақтану объектілері:	
Микроклиматты зерттеу: температура, салыстырмалы ылғалдылық, ауа қозғалысының жылдамдығы (жылдың салқын мезгілінде)	өндірістік үй-жайлар, қойма үй-жайлары
Суды бактериологиялық, санитариялық-химиялық көрсеткіштерге зерттеу	ғимараттағы су тарату крандары (орталықтандырылған сумен жабдықтау кезінде); құдықтар, ұңғымалар, каптаждар және бұлақтар, су тарату крандары (орталықтандырылмаған сумен жабдықтау кезінде), суды сақтауға арналған ыдыстар (әкелінетін сумен жабдықтау кезінде)
Тоңазытқыш және технологиялық жабдықтар жұмыс істеген кезде желдету жабдығынан болатын шу (тұрғын үйлерге кіріктіріліп-жапсарлас салынған үй-жайларда)	желдету қондырғылары, жабдықтары орналасқан жерлер
Жарықтандыруды өлшеу	өндірістік үй-жайлар, қойма үй-жайлары, келушілерге арналған зал
6. Тамақ өнімдерін өңдеу, өндіру объектілері:	
Микроклиматты зерттеу: температура, салыстырмалы ылғалдылық, ауа қозғалысының жылдамдығы (жылдың салқын мезгілінде)	өндірістік үй-жайлар, қойма үй-жайлары
Суды бактериологиялық, санитариялық-химиялық көрсеткіштерге зерттеу	ғимараттағы су тарату крандары (орталықтандырылған сумен жабдықтау кезінде); құдықтар, ұңғымалар, каптаждар және бұлақтар, су тарату крандары (орталықтандырылмаған сумен жабдықтау кезінде)
Тоңазытқыш және технологиялық жабдықтар жұмыс істеген кезде желдету жабдығынан болатын шу (тұрғын ғимараттарда, барлық кіріктіріліп-жапсарлас салынған үй-жайларда)	желдету қондырғылары, жабдықтары орналасқан жерлер
7. Денсаулық сақтау объектілері:	
	Ерекше режимдегі үй-жайлар: операциялық, емшара, манипуляциялық, стерильдеу бөлімшелері, жаңа

Микроклиматты зерттеу: температура, салыстырмалы ылғалдылық	туған нәрестелерге арналған палаталар, босандырудан кейінгі палаталар, бокстар, реанимация залдары, қарқынды терапия палаталары
Суды бактериологиялық және санитариялық-химиялық көрсеткіштерге зерттеу	ғимараттағы су тарату крандары (орталықтандырылған сумен жабдықтау кезінде); құдықтар, ұңғымалар, каптаждар және бұлақтар, су тарату крандары (орталықтандырылмаған сумен жабдықтау кезінде), суды сақтауға арналған ыдыстар (әкелінетін сумен жабдықтау кезінде)
Жарықтандыруды өлшеу	Ерекше режимдегі үй-жайлар: операциялық, емшара, манипуляциялық, тар бейінді мамандардың қабылдау кабинеттері (офтальмолог, хирург, акушер-гинеколог, травматолог, стоматолог), жаңа туған нәрестелерге арналған палаталар, реанимация залдары, қарқынды терапия палаталар, қан дайындау үй-жайлары
Шу деңгейі	операциялық үй-жайлар
Электрлік және магниттік өрістерді өлшеу	физиотерапиялық, диагностикалық кабинеттердегі жұмыс орындарында
Дозиметриялық өлшеулер	иондаушы сәулелену көздерімен жұмыс істеу кезінде жұмыс орындары, аралас үй-жайлар мен аумақ
8. Дәрілік заттарды өндіру, дайындау объектілері:	
Микроклиматты зерттеу: температура, салыстырмалы ылғалдылық, ауа алмасу жиілігі	ассистенттік, дәріханалық ыдысты стерильдеу, дистилляциялау, өлшеп-орау орындары, асептикалық жағдайларда дәрілік нысандарды дайындау үй-жайлары, сақтау үй-жайлары
Суды бактериологиялық және санитариялық-химиялық көрсеткіштерге зерттеу	ғимараттағы су тарату крандары
Жарықтандыруды өлшеу	ассистенттік, дәріханалық ыдысты стерильдеу, дистилляциялау, өлшеп-орау орындары, асептикалық жағдайларда дәрілік нысандарды дайындау үй-жайлары, сақтау үй-жайлары, қызмет көрсету залы
9. Тері және шырышты жабынды бұза отырып қызметтер көрсететін емдеу-косметологиялық объектілері, сұлулық салондары, косметологиялық орталықтар, оның ішінде татуаж және татуировка бойынша көрсетілетін қызметтер:	
Суды бактериологиялық және санитариялық-химиялық зерттеулерге зерттеу	су тарату крандары (орталықтандырылған сумен жабдықтау кезінде); құдықтар, ұңғымалар, каптаждар және бұлақтар, су тарату крандары (орталықтандырылмаған сумен жабдықтау кезінде)
Жарықтандыруды өлшеу	жұмыс орындары
Электромагниттік өрістер деңгейі	солярный (бар болса)
Микроклиматты зерттеу: температура, салыстырмалы ылғалдылық	жұмыс орындары
10. Өндірістік объектілер:	
Микроклимат параметрлерін зерттеу	жұмыс орындары
Физикалық факторлар және иондамайтын сәулелену параметрлерін зерттеу	физикалық факторлар көзі болған кезде жұмыс орындары

Дозиметриялық өлшеулер	иондаушы сәулелену көздерімен жұмыс істеген кезде жұмыс орындары
Жұмыс аймағы ауасының параметрлерін зерттеу	жұмыс орындары (зиянды химиялық заттардың көздері болған кезде)
11. Радиотехникалық объектілер:	
Электромагниттік өрістердің деңгейі	өндірістік үй-жайлар, санитариялық- қорғаныш аймағының шекарасы, құрылысты шектеу аймағы
12. Радиациялық-қауіпті объектілер:	
Физикалық факторлар және иондамайтын сәулелену параметрлерін зерттеу	физикалық факторлар көзі болған кезде жұмыс орындары
Дозиметриялық өлшеулер	жұмыс орындары, аралас үй-жайлар, ұйымның аумағы
13. Жолаушыларды тасымалдауды жүзеге асыратын ұйымдар мен көлік құралдары (теміржол, су, әуе)*:	
Микроклимат параметрлерін зерттеу (температура, салыстырмалы ылғалдылық, ауа қозғалысының жылдамдығы)	жұмыс және жолаушылар үй-жайлары
Суды бактериологиялық және санитариялық-химиялық көрсеткіштерге зерттеу	конструкциясында сумен жабдықтау жүйесі көзделген көлік құралдары үшін
